# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Швеция Корольдігіне 2004 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 119-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Швеция Корольдігіне 2004 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-швеция ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Швеция Корольдігіне 2004 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі тоқсанына кемінде бір рет есептіден кейінгі айдың 10-күніне Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 23 мамырдағы
N 119-ө өкімімен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Швеция Корольдігіне 2004 жылғы 25-26 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Швеция Корольдігінің премьер-министрі Горан Перссонның Қазақстан | 2005 жылғы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Республикасына ресми сапарын ұйымдастыру мәселесін пысықтау. | төртінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Қазақстан - Швеция сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссиясын құру мәселесін пысықтау. | 2005 жылғы үшінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Мынадай: энергетика, мұнай-химия өнеркәсібі және ілеспе өндірістер;<br><br>мал шаруашылығы және сүт өндірісі (сүт өндіру және қайта өңдеу "De Laval");<br>металлургия("Boliden", "Sandvik" металлургиялық компанияларының ұсыныстарын қарау);<br>қаржы секторында (Экспорттық кредиттерге кепілдік беру жөніндегі швециялық басқарма (EKN);<br><br>жаңа технологиялар ("Ericsson", "ABB");<br><br>жиһаз өндірісі ("IKEA" компаниясының жиһаз өндірісі жөніндегі тапсырыстарын Қазақстанның кәсіпорындарына орналастыру, бірлескен кәсіпорындар құру) салаларында маманданатын швециялық компаниялармен өзара тиімді ынтымақтастық мүмкіндігін қарау. | 2005 жылғы үшінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі<br>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі<br>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі<br><br>"Қазақстанның Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ<br>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ (келісім бойынша)<br>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 4 | Швеция тарапымен бірлесіп ғылыми-техникалық ынтымақтастық, технопарктерді дамыту саласындағы жобаларды пысықтау. | 2005 жылғы үшінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "Қазақстанның Инвестициялық Қоры" АҚ (келісім бойынша), "Инжиниринг және технологиялар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | трансферті орталығы" АҚ (келісім бойынша) |
| 5 | Мынадай: Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швеция Корольдігі Үкіметінің арасындағы жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швеция Корольдігі Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімдердің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді аяқтау. | 2005 жылғы төртінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі<br><br>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 6 | Қазақстан Республикасында швед экономикасының және Швеция Корольдігінде қазақстан экономикасының күндерін өткізу мәселелерін қарау. | 2005 жылғы төртінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 7 | Вастерос қаласының (Швеция Корольдігі) Қазақстан қалаларының бірімен бауырластық байланыстарын орнату жөнінде ұсыныстар енгізу. | 2005 жылғы төртінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. |
| 8 | Қазақстан Республикасы мен Швеция Корольдігі арасындағы ынтымақтастықты дамыту және екі жақты деңгейде де, халықаралық өңірлік ұйымдар шеңберінде де халықаралық терроризмге және жаппай қырып-жоятын қаруларды таратуға, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз есірткі айналымына, адамдар саудасы мен заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі өз күш-жігерлерін үйлестіру. | 2006 жылғы үшінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| | Келесі екі жақты кездесулер барысында швед тарапымен Қазақстан Республикасындағы экологиялық зардап шеккен өңірлерді | | Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | оңалту (бұрынғы Семей полигоны өңірі және Арал теңізі ауданы) және трансшекаралық су ресур-старын бөлу мәселесін реттеу жобалары жөнінде ынтымақтастық мүмкінді-гін қарау. | 2006 жылғы үшінші тоқсан | қорғау министрлігі<br><br>Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК